

«М.А. Гендельманнның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч. I.- Б. 242-245.

**ӘОЖ 398.2**

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ – ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР**

*Ирангаипов М.А. 1-курс студенті  
Жетекшісі: Ақажанова А.А., п.ғ.м.,*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ*

Әр халықтың ұлттық мәдениеті халықтың ежелден келе жатқан өзіне тән өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі есебінде жетілетіні белгілі. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық рөлі орасан зор. Ендеше, заман талабына сай өмір сүре отырып, даму жолында ұлттық құндылықтарымызды жоғалтпауымыз керек, ұлттық сананы жаңғыртуымыз қажет. Ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты екіншілерінен ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады.

Қазақтың ұлттық ойындары - сан қырлы, мазмұнға бай қазыналардың бірі. Олар адам көңілін көтеріп, ойын сауықтық қана рөл атқарып қалмастан, дененің шынығуына, ептілік, күш-қайрат түрлерінің қалыптасып, ақыл-ойдың жетілуіне ғасырлар бойы игілікті әсер етіп келген.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Жоғары сатыда дамып жетілген сана-сезім мен ақыл-ой иесі – адам баласының ойын әрекеті, тіршілік етудің негізгі формасы болып саналатын болса, екінші жағынан ұрпақтан-ұрпаққа берілген өмір тәжірибесінің нәтижесі болып саналады. Міне, осы тұрғыдан алғанда адам баласының ойын әрекеті, негізінен балдырған кезінде кеңінен дамып, баланың өсіп жетілуіндегі басты және жетекші факторға айналады. Адамның жан дүниесінің дамып жетілуі, әлеуметтік өмірге бейімделіп тіршілік етуі әр түрлі іс-әрекеттермен шынығу барысында қалыптасады. Сондай іс-әрекеттің бір саласы – ойын әрекеті.

Ойын іс-әрекеттің айрықша түрлерінің бірі. Ойын өмірде өте ерте жастан басталып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше жалғасады. Адамның ойын әрекеттерінің формалары мен әдістері және мазмұны қарапайым сылдырмақтар мен қозғалыстар жасаудан, бірте-бірте фантастикалық шындық деңгейіндегі видеокомпьютерлік ойынға дейін ауысады. Ойын оқу әрекетіне тән бірқатар

қасиеттерге ие екендігі белгілі. Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп дағдыларын жас ұрпақтың бойына ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажетінен туып отыр. Өйткені ойын - баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, елін, жерін, тілін сүйуге, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеудің құралы.

Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен [1].

Ойын – әлеуметтік қызмет, ол баланың жасына қарай, өзін қоршаған ортаны танып білуге, оны өзгертуге құштарлығын арттыратын құрал. Онда танымдық және бағдарлық қызмет бар. А.М.Горький: «Ойын арқылы бала дүниені таниды» – десе, А.С.Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы жоқ және болуы мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады [2].

Бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты жетілген, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан қоғамның ертеңгі иегерлерін тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақша мен мектептің, барша халықтың міндеті. Мұны дұрыс шешу – болашақ ұрпақтың ұлттық санасын тәрбиелеп, рухани мәдениетін жетілдірумен бірге қаралады. Ал, рухани мәдени байлықтың байырғы саласының бірі – ұлттық ойындар.

Ұлт ойындары – ата-бабамыздан бізге жеткен, өткені мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, сондықтан оны күнделікті оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор екендігі сөзсіз. Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Ендеше ұлттық құндылықтарды балаларға насихаттау арқылы-балаларды отансүйгіштікке, елін-жерін қорғауға, үлкенге- құрмет, кішіге-ізет жасауға баулу болып табылады.

Қазақ халқында «Бала ойынмен өседі» деген қанатты сөз бар. Ойын баланың ақыл-ойын дамытуды қызықтыра отырып, денесін белсенді қозғалта отырып, ойдан-ойға жетелеп, тынысын кең ашып, қиялмен қанат бітіретін ғажайып мүмкіндігі бар тәрбие құралы болып табылады. Ойын арқылы баланың қозғалыс дағдыларын ғана жетілдіріп қоймай дұрыс сөйлеуді, іс-әрекеттерді түсінікті жатық сипаттауды, шешен сөйлеп тапқыр болуға да тәрбиелейді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ұлттық ойын ойнау баланың салт- дәстүріне, әдет-ғұрпына деген сүйіспеншілігін арттырады және адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады десе, ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы туралы М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен

ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне, оның атқаратын қызметін жоғары бағалады [3].

Қазіргі жаһандану заманында әрбір ұлттың өзіндік бет-бейнесін айшықтайтын бір-ақ жолы бар екені белгілі. Ол ұлттық қадір-қасиеті мен әдет-ғұрпы. Осылардың ішінде ұлттық ойындардың ықпалы ерекше. Дегенмен, тәуелсіздігімізді алып, телпегімізді аспанға аттық десек те ұлттық ойындарымыз әлі күнге ойсылып тұрған сияқты. Қазір қоғамда көзқарастар да күнен-күнге өзгеру үстінде. Әрі бұқаралық ақпарат тарату еркіндігіне кең жол ашылуы балалардың сана-сезімі мен рухына кері әсер етуде. Қазақ бола тұра қазақ тілін ұмытып, ата-бабамыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпынан ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатыгезділікке құрылған фильмдердің еркіне кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз? Бүгінгі таңда бұл сұрақ ұлтымыздың болашағын ойлайтын санасы сергек барша қауымды толғандыруда. Қазіргі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалып кету қаупі бар. Ұлтымыздың асыл қазынасы болған ұлттық ойындарымызды жоғалтып алмай, ұрпақтан - ұрпаққа жетуін насихаттау, халқымыздың, баршамыздың міндетіміз деп білейік.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Петровский М. Книга о Корнее Чуковском [Текст] / М., 1998. -С.127
- 2 Никитина А.О. Интеллектуальная игра «Культурное воспитание в опыте В.А. Сухомлинского». В мире мудрых мыслей Василия Александровича Сухомлинского: материалы международного конкурса научно-исследовательских и творческих работ студентов [Электронный ресурс] / науч. ред. В.Г.Рындак; Мин-во науки и высшего образования Российской Федерации; ФГБОУ ВО «Оренбургский государственный педагогический университет». – Оренбург: Изд-во ОГПУ, 2019.
- 3 Almagul Akazhanova. The Methodology of the Development of the Worldview of Schoolchildren through Game [Text]/ Opción, Año 35, -2019. -No.89. -P. 640-659. ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385